

Лисаков қаласы әкімшілік аумағының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 444 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қазанда № 5127 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 120 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 07.04.2015 № 120 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Лисаков қаласы әкімшілік аумағының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2014 жылғы 7 қазандағы

№ 444 қаулысымен бекітілген

Лисаков қаласы әкімшілік аумағының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары

Коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \quad \text{мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

| | |
|--|-------|
| Аумақтық аймақ | K_1 |
| Лисаков қаласы, Красногор ауылы, Октябрь кенті | 2,3 |

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

| | |
|------------------|-------|
| Құрылыс түрі | K_2 |
| Жеке тұрған | 1 |
| Қосымша салынған | 1 |
| Жартылай жертөле | 0,85 |
| Жертөле | 0,70 |
| Қоймалық | 0,60 |

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \quad \text{мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациялық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру

мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектінің жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін:

$$Ж = S * B_m * K_1 * K_2 / ЖУ * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S - ауданы (шаршы метр);

B_m - базалық мөлшерleme;

K₁ - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K₂ - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны;

құрал – жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін:

$$Ж = (Ж_n / ЖУ) * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Ж_n – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

ЖУ – жылдық жұмыс уақытының балансы;

N – жылдық сағат саны.